



Ақмешіт

7 мамыр
сейсенбі
№36 (2046)
2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН ҚОС БАТЫР

Биыл Жеңіс мерекесіне – 79 жыл. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына қанша уақыт өтсе де соғыс салған сызат ұмытылмайды. Бейбіт күн бізге оңай келген жоқ. Сұрапыл соғыста ержүрек батырлар ерліктің сан үлгісін көрсетті. Соғыс ардагерлерінің еңбегі туралы жазғанды, жалпы жеңіс туын желбіреткен батыр аталарымызды жақсы көремін. Себебі менің де Темірхан Әнафияев және Сейітжаппар Бәйімбетов есімді қос атам соғысқа аттанып, елге аман-есен келген еді. Әйткенмен қос атам өмірден өтті. Расымен, майданның бел ортасында болып, ерлік көрсеткен ардагерлер қатары жылдан-жылға сирей бастады. Сондықтан олардың есімін елге таныту бізге – борыш.

ҒАСЫР ҒҰМЫР ИЕСІ

Бүгінде қала бойынша екі соғыс ардагері бар. Мереке қарсаңында біз қос ардагердің шаңырағында болып, тілдескенді жөн көрдік. Соның бірі – Төлеген Жүнісов. Ғасыр ғұмырды еңсерген ардагер 1923 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданы, Жаңарық ауылында дүниеге келген. Украинада 688 атқыштар полкінде ұрыста болған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың мамыр айында аттанып, майданда көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги» және «За отвагу» секілді бірнеше орден, медальдармен наградталған. Кіші сержант Төлеген Жүнісов жау әскер құрамында болған екен. Харьковты басқыншылардан тазартқаннан кейін

жаудың соңына түскен Қызыл Армия қатарында Украинаның Прискуров, Тернополь, Львов қалалары маңында жаумен шайқасады. – Ол кез – Қызыл Армияның өз әскерін қару-жарақпен толық қамтамасыз ете бастаған кезеңі. Ал немістердің «Тигр» атты ағаш арасынан байқала бермейтін, тарғыл танкісінің соғысқа кірген уақыты болатын. Соғыстың қызып жатқан бір кезінде маған қарай, жаудың екі «Тигрі» келе жатқанын байқап қалдым. Қолыма 5 келілік танкіге қарсы лақтыратын гранатты алып, тығылып үлгердім. Себебі бұл танк соғыс қимылына қажетті құрал-жабдықпен жақсы жараталған еді. Егер танк ішінде неміс бізді көріп қалса, аман қалдырмайтыны мәлім. Мен тығылдым десем де, танк маған тура келе жатты, жақын жерде қазулы жатқан траншеяға жасырылдым. Танк дәл менің үстіме келіп шыр айнала

бастады, алайда, танк бір айналғанда мен траншеядан қашып үлгердім. Менің алғаш жасырынған орнымда айналып, жерді жаншылап жатқан танк алға жылжығанда артынан келіп граната лақтырып, танкіні жарып жібердім, – дейді есте қалған сәттерді әңгімелеген жеңіс солдаты. Сол жолғы ерлігі үшін ол «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталыпты.

2-БЕТТЕ

СЫР АЙБЫНЫ – ЖАС САРБАЗ

Өткен жылы бүкілармиялық кеңесте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының мәртебесін жалпыхалық деңгейге көтеру қажеттігін мәлімдеген еді. Осы бағытта біраз жұмыс атқарылып, «Айбын-2023» әскери-патриоттық жастар жиыны кеңінен



танымал болып, халықаралық мәртебеге ие болды. Әскери жиында қазақстандық әскери-патриоттық клубтардан басқа Әзірбайжан мен Өзбекстан командалары да қатысты.

2-БЕТТЕ

САПҚА ҚОСЫЛ, АЗАМАТ!



– Әскерге барғым келмейді, алып қалыңызшы...
– Неге?
– Бір жыл уақыт босқа кетеді.
– Борышым емес пе?
– Жоқ, барғым келмейді.
Бұл – көбімізге таныс диалог. Қазір көке жағалаған көп еркеңің қағазға түспеген өтініші осындай мазмұнда. Расымен, әскерге өздігінен сұранатындар аз, тіпті жоқтың қасы десек те болады. Бүгінгі жас буын әскерге барудан неге қашады? Осы сұраққа әскери шенділер, ата-аналар, қоғам қайраткерлері мен жастар не дейді? Бірге саралап көрейік...

Бозбалалардың көбі Отан алдындағы борышын өтегеннен гөрі, еңбекке ерте араласып, ақша табуды ойлайды. Ата-аналары да қолдан келсе ұлдарын әскерге жібермеудің қамын жасап, балаларының бұл шешімін құптап отырады. Ал олар әскерге барудан жалтарғаны үшін айыпшұл төлейтінін біле ме? Тіпті азаматтық борышынан түбегейлі бас тартқан жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын хабарлар

ма? Ал басында несіесі барлар не істейді? Сондай-ақ әскери борышын өтеп келген жасты қандай жеңілдіктер күтіп тұр?
Бүгінде көктемгі әскерге шақыру мерзімі жүруде. Жылына екі рет науқан кезінде жастардың әскери борышын өтеуден жалтаратындар туралы әңгіме көп. Ақпарат көздеріне сүйенсек, кейінгі кезде әскерге барғысы келетіндердің қатары азайған. Жастардың дені борышын өтеуден жалтарып, түрлі сылтаумен әскерге бармаудың жолын табады. Өйткені жастардың көбі әскерге баруды уақытты текке өткізу деп есептейді.

2-БЕТТЕ



Денсаулық сақтау министрі
Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА:

**МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТІ
САПАЛЫ
БОЛАДЫ**

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

«Апталығы» коллажы

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН ҚОС БАТЫР

Жеңісті жақындатқан батыр, Қызыл армия сапында Берлинге дейін жеткен майдангер жеңістен кейін елге қайтпай, Берлинде қалып, қала маңында «патрульдік» қызмет атқарады.

– Қызметіміз қаладағы тәртіптің сақталуын қадағалау болды, – деп еске алады Төлеген ата.

– Соғыс аяқталғаннан кейін Германияның барлық қалаларында жеңімпаз Совет солдаттарының ерліктері бейнеленген суреттер ілінетін. Бұл немістерден кегімді қайтарудың бір жолы деп түсіндік. Біздер кезекшілікпен қаланы бақылауға шығамыз. Бір күні бір неміс әйелінің жинаулы тұрған мая шөптің үстіне саты қойып шығып жүргенін байқадым. Әйел ымырт түзе бастағанда қолына шелек алып, маяның үстіне шығады да қайтадан жерге түседі. Не де болса мына шөптің астында біреудің жасырылғанын сездік те, аңдуға кірістік. Үйілген шөп ішіне жасырынған жоғары шенді неміс офицері, жаңағы әйелдің күйеуі екен. Осылайша, оны қолға түсіріп, – деп әңгімелеп берді ардагер.

1946 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған Төлеген Жүнісов өз ауылына

Басы 1-бетте

келіп, бейбіт еңбекке араласды. Теміржолдағы жұмысы жол жөндеуші болудан басталады. Тозығы жеткен шпалдарды ауыстыру, төсеу, шегендеп қағып, бекіту секілді жұмыстарды тастай етіп, кәсібіне тез төселеді. Кейін Қараөзек станциясында ОРС НОД жылжымалы вагон-дүкенінде сатушы қызметін атқарады. 1983 жылы зейнетке шыққанға дейін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек етеді. Қызметі аймақтағы 31-бекет пен Арал теңізі станциясына дейінгі аралықтағы белгі беру және байланыс дистанциясының өндірістік жұмысына қажетті құрылғыларды керекті нүктелерге жеткізіп беру болыпты.

– 18 жасымнан бастап соғысқа қатыстым. Сол кездегі сәттер әлі есімде. Ешнәрсе ұмытпаймын екен. Елің, жерің үшін бәрине де барады екенсің, – деген Төлеген атамның бойынан нағыз патриоттық сезімді байқадық.

ӘКЕМ – АДАЛ АДАМ

Бұл – Төлеген атының кіші қызы Гүлмира Жүнісованың сөзі. Адал еңбек етіп, Жәміл есімді отанасы екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп, олардан тоғыз немере, тоғыз шөбере сүйіп отыр.



– Өзім медицина саласында қызмет атқарамын. Сол себептен әкемді қолыма алып, денсаулығына қарап отырған жайым бар. Бізге соғыстағы сәттерін жиі айтады. Өзі тазалықты, адалдықты жақсы көреді. Өтірік сөйлегенді жақтырмайды. Осы кездің өзінде әкем біздің аманлығымызды, елдің тыныштығын тілеп отырады, – дейді қызы. Расымен, отты жылдарды есіне алған ардагер «бүгінгі ұрпақ бақытты өмір сүрсін, енді қайтып, соғыс болмасын» деп тілейді.

БИЫЛ ЖҮЗГЕ КЕЛЕМІН

Бұл – сырбойлық қаһарманның бірі – Әбдірахман Бәйтқовтің сөзі. Соғыс ардагері биыл жүз жасқа толады. Құдай сол күнге жеткізсін. Соғыс ардагері 1924 жылғы 27 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Әбдірахман Бәйтқов мектеп бітірісімен, 1942 жылдың тамыз айында әскер қатарына алынды. 18 жасқа толған шағында жас сарбаз елін қорғауға аттанған. Ол алдымен офицерлер дайындайтын курстан өтеді. 1943 жылы майдан даласына барып, Курск шайқасына қатысқан. 1943 жылы ауыр жарақат алады. Елге 1944 жылы 2-топ соғыс мүгедегі болып оралып, колхоздың қой фермасында 30 жыл есепші қызметін атқарады. Ардагер ұрыс даласында ерлігімен көзге түсіп, бірнеше орден-медальдармен марапатталған.

Бүгінде жүз жасқа қараған шағында қарт майдангер соғыс салған жараны әлі ұмытқан емес. Отан үшін от кешкен жылдардағы көрген әрбір қиындық есінде.

– 1943 жылдың 5 шілдесі еді. Таң алдында біздің дивизияға неміс басқыншылары шабуыл жасады. Гүрс-гүрс еткен оқтан дауысы, атыс-шабысқа етімиз үйреніп кеткен. Одан қорқу, қашу



жөк. Біздегі бар мақсат – жауға қарсы тұрып, жеңіске жету. Соғыс кезінде әрбір жас сарбаздың бойында осындай мақсат болды. Олар тек майданда жеңіске жетуді тіледі. Елге аман-есен оралып, отансүйгіштік қасиетімізді болашақ ұрпаққа мақтан ету – басты мақсатымыз. Алайда осы шабуылда қолымнан жарақат алып, госпитальға түстім. Содан қолыма ата жасалды, – дейді қарт майдангер.

Уақыт өз дегенін жасайды. Бұл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Қаншама ұрпақты қайғы-

қасіретке душар етіп, өмірін өксітіп кетті. Госпитальдан шыққан жаралы сарбазды Новосібір қаласына жіберді. 1943 жылдың желтоқсан айында денсаулығына байланысты елге қайтарды.

ЕҢБЕКҚОР АДАМ

Баласы Болат Әбдірахманұлының айтуынша, кейіпкеріміз туған жерде бейбіт еңбекке араласып, алдығы лектен көрінген.

– Әкем 1965 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Еңбек жолында есепші, бригадир қызметтерін атқарды. Жалпы әкем – өте еңбекқор кісі. Жалқаулықты жақтырмайды. Балаларының бәрін оқытуға тырысты. Қазір біз сол білімнің жемісін жеп жүрміз, – дейді ұлы Болат.

Әбдірахман ата жұбайы Кеңескүл апа екеуі 10 бала тәрбиелеп, оларға жоғары білім беріп өсірді. Осы күні сол он баладан немере, шөбере сүйіп отырған үлкен әрі негелі отбасы.

– Біз жеңіске халықтар достығының беріктігімен жеттік. Сол арқашан есімизде болуға тиіс. Бүгінгі Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болғанына қуанамыз. Елде тек бірлік пен тыныштық болсын, – деп тілейді қарт жауынгер.

Соғыс ардагерлеріне деген құрмет саналы ұрпақ барда ешқашан жоғалмайды.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



СЫР АЙБЫНЫ – ЖАС САРБАЗ

2018 жылы негізі қаланған бұл әскери-патриоттық қозғалыс өскелең ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудағы елеулі қалам болды. «Жас сарбаз» жастарды әскери қызметке дайындап, елінің әскери дәстүрі мен тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған. Бағдарламаға қатысушылар дене шынықтыру, әскери тарих және әскери қызмет ережелері, көпбашылық пен топтық жұмысты дамытуды қамтитын жаттығулардан өтеді.

Облыс және республика көлемінде жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы ауқымды жұмыс атқарып келеді. «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жасұлан Жанабай әскери-патриоттық тәрбие жеке тұлғаны жан-жақты дамытып, өз еліне деген жауапкершілігін және оның мүддесін қорғауға дайын болуға, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайтуға, көпбашылық қасиеттерді дамытуға ықпал ететінін айтты.

– «Жас Сарбаз» ұйымының мақсаты – жастарды ел тарихына, мәдениетіне құрметпен қарауға үйретіп, ел тәуелсіздігін ең жоғары құндылық деп танытып нағыз патриоттарды тәрбиелеу. Біз әскери-спорттық ойындар, тарихи ізденістер, ардагерлермен кездесулер сияқты түрлі іс-шаралар ұйымдастырамыз. Бұл жастарға өз елінің тарихын және патриотизмнің маңыздылығын жақсы түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ біз ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығын талқылайтын дәрістер мен семинарлар өткіземіз, – дейді «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жасұлан Жанабай.

Қазіргі таңда еліміздегі 20-дан астам филиалында 280 мыңнан астам жастар әскери-патриоттық клуб мүшелері қатарында. Қозғалыс құрамына 9 мыңға жуық әскери-патриоттық ұйым енген екен. Оған қала мектептерінде, колледждерде ашылған «Жас сарбаз» сыныптары мен «Smartsarbaz» үйірмелерінің бірі болды. Нақты деректерге сүйенсек, әскери-патриоттық қозғалыс пен өңірлердегі филиалдарының жұмы-

Басы 1-бетте

сы нәтижесінде соңғы 5 жыл ішінде әскери-патриоттық клубтар саны 2828-ден 8672-ге дейін, ал оған қамтылған бала саны 73 164-тен 260 162-ге дейін артқан. «Жас Сарбаз» облыстық қозғалысының жетістіктері де аз емес.

– Атап айтар жетістіктер бар. Солардың бірі – «Айбын-2023» ІХ халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында өңірлік қатысушылар арасында «Сыр айбыны» әскери-патриоттық клубы жеңіске жетті. Ең басты жетістігіміз – ел дамуына үлес қосқысы келетін жастар санының көбеюі. Қазіргі клуб мүшесі болған жастар өз қызметін әскери салада жалғастыруда. Біз жастарға болашақта әскерде немесе басқа құқық қорғау органдарында қызмет ету мүмкіндігі туралы әскери-касіптік бағдар береміз, – дейді ол.

Жалпы «Жас сарбаз» білім берумен қатар әскери-патриоттық тәрбие беретін, елін, жерін қорғауға үлес қосуға дайын азаматтарды қалыптастыра алатын үздік ұйым деуге болады.

Бағдарлама аясында оқу-әдістемелік жиындар, әскери-патриоттық әндер фестивалі және ұлттық мақтаныш сезімін дамытуға ықпал ететін спорттық жарыстар сияқты түрлі іс-шаралар өткізіледі. Жыл сайын өткізілетін «Жас сарбаз» республикалық патриоттық әндер фестивалінің орны ерекше. Фестивальдің іріктеу кезеңдеріне еліміздің барлық өңірлерінен оқушылар қатысады екен.

Күні кеше «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны 10-шы мәрте ұйымдастырылды. Сайысқа аймақтағы мектеп оқушыларынан құралған 8 команда қатысты. Жарыстың 9 түрлері бойынша ең көп балл жинаған команда жеңіске жетті.

– Жыл сайын республика көлемінде «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны өтеді. Жиынға ең мықты деген жас сарбаздар қатысады. Бұл жиын жыл сайын жоғары деңгейде өтеді. Оқушылар белтемірде тартылу, арқаға жатып денені көтеру, жүгіру, әскерлендірілген эстафета, пневматикалық винтовкадан ату, арқан тарту, АК-74 автоматтың бөлшектеу және жинаудан сайысты. Осы сайыста халықаралық «Айбын» жиынына кімнің баратынын анықталады, – дейді Жасұлан Жанабай.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

САПҚА ҚОСЫЛ, АЗАМАТ!

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ МӘЛІМДЕДІ

Қорғаныс министрлігінің «Әскери қызметке міндеттілерді 2024 жылға әскери дайындыққа шақыру туралы» бұйрығы шықты. Құжатта биыл Қазақстанның әскери міндетті 3000 азаматтың әскери жиындарға шақыру жөнінде айтылған. Еске салайық, 2022-2023 жылдары 1500 азаматты әскери жиындарға шақыру хабарланып, тамыз-қазан айлары аралығында әскери жиындарға 300-ден астам жас тартылды.

Министрліктің мәліметінше, әскери жиын кезінде оған шақырылған азаматтың жұмыс орны, лауазымы, орташа айлық еңбекақысы сақталады. Ал әскери жиын аяқталған соң азаматтар біліктілігін растау үшін емтихан тапсырады.

ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз хатшысы, подполковник Руслан Тұрғымбайұлының айтуынша, Қазақстан Республикасынан қорғау – әрбір азаматтың Отан алдындағы парызы әрі міндеті.

– Әрбір азамат әскери борышын өтеуі керек. Олар әскери дағдыларды үйренуі қажет. Сонымен қатар қоғамда әскердегі келенсіз жайттар жиі айтылады. Мұндай оқиғалар бірлі-жарым жағдайда болатыны рас. Бірақ бұл әлеуметтік желіде тарап кетіп, қоғамда әскер туралы теріс пікір қалып қойған. Ал, шын мәнінде, олай емес. Бірінші кезекте азамат әскер қатарына саналы түрде келеді. Олардың әскери қызметке жарамды-жарамсыздығы толық тексеріледі. Сарбаздардың денсаулығына бірінші кезекте командирлері жауап береді. Десе де, айта кету керек, әскери қызмет қашанда қауіпмен ерекшеленеді. Өйткені жауынгерлік дайындық, оқу-жаттығулар, әскери техниканы қолдана отырып жүргізіледі, – дейді Руслан Тұрғымбайұлы.

ӘСКЕРГЕ БАРМАҒАНДАР АЙЫППҮЛ ТӨЛЕЙ МЕ?

Биыл қалада қанша жас әскерге кетті? Айыппұл, несие және өзге де мәселелер туралы бізге қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник Бауыржан Асанов мәлімдеді.

– Әскерге шақыру жылдағы тәртіппен жүргізіледі. Былтыр көктемгі әскери науқанға қаладан 192 жас жіберілді. Ал биыл олардың саны 104-ті құрап отыр. Негізі бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін. Себебі науқан әлі аяқталған жоқ. Ал әскерге шақыртуды елемей, медициналық тексеруден өтуге келмеген жігіттерге 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Кейін қайда барсаң да, осы қағаз алдыңнан шығады да тұрады. Ол аз десеңіз, денсаулығына қасақана қысым келтіріп, жалған анықтама жасап алатындар да айыппұл арқалайды. Тіпті кейбір жағдайда үстіннен қылмыстық іс қозғалып, әскерден қашқан азамат үш жылға абақтыға қамалуы мүмкін.

Ал әскерден босатылатындар жайы мүлдем бөлек мәселе. Қатандатылған шаралардың оларға қатысы жоқ. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру ауандық (облыстық) маңызы бар қаланың әскерге шақыру комиссиясының шешімі бойынша беріледі. Оның ішінде отбасы жағдайы, білім алуды жалғастыру, денсаулық жағдайы, басқа да себептер болуы мүмкін, – дейді басқарма бастығы.

Орайы келгенде «басында несиесі бар азаматтар шақырылудан босатыла ма?» деген сауалымызға полковник үзілді-кесілді «жоқ» деп жауап берді. Оның айтуынша, қазір еліміздегі барлық банктермен әскерге шақырылған несиесі бар азаматтардың әскерде болған бір жылда несиесінің уақытша тоқтату туралы келісім бар екен.

ЕР БАЛАҒА ӘКЕ ТӘРБИЕСІ ЖЕТІСПЕЙДІ

Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаев әскерге барғысы келмейтін азаматтарға көбіне әке тәрбиесі

Басы 1-бетте

жетіспегенін айтады. Оның айтуынша, қазір ата-ана «балам тыныш жүрсе екен» деген қағида ұстанып алған.

– Қазіргі күні әскери патриоттық тәрбиені кешенді түрде қолға алуымыз керек. Елімізде 8 мыңға жуық патриоттық клуб бар. Онда 260 мыңнан астам бала оқиды. Дегенмен әлі де мектепте, колледжде және жоғары білім ордасында жастардың патриоттық сезімін ояту бағытында жұмыс істеуіміз қажет.

Ер балалар шоғырланған жерде кикілжің болып тұрады. Бірақ соның ішінде әлімжеттікке жол беруге болмайды. Ол үшін заң мен тәртіп бар, алайда өкінішке қарай, әскерге барған азамат бұл мәселемен бетпебет келетіні рас. Дегенмен Отанды қорғайтын жасты тәрбиелеп жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Оларға ертен ел үміт артады.

Жылына 500 мыңдай оқушы жоғары сыныпты бітірсе, соның ішінде 38 мыңға жуығы әскер қатарына алынады. Бүгінгі таңда балалардың бәрін әйелдер тәрбиелейді, ал әкелер бала тәрбиесінен алшақтап қалған. Мұның бәрі кері әсерін беруде. Бұрын әке балаға өзінің ісі мен мінезі арқылы үлгі болатын. Яғни әке сырттан да, үйдің де жұмысына тынғылықты атқарды. Мұны көріп өскен бала да әкесінен үлгі алатын. Қазіргі кезде ата-ананың көбі смартфонға тәуелді болып қалған. Әке-шешенің өз баласымен сөйлесуге уақыты жоқ. Бала бүкіл ақпаратты ұялы телефоннан алады. Соңғы уақытта ата-анада «балам тыныш жүрсе болды» деген ой қалыптасты. Енді сол жіберіп алған олқылықтың орнын толтыруымыз қажет.

Екінші жағынан, елімізде ажырасқан отбасы көп. Балаңыз көбі анықпен қолдана қалып жатыр. Ер баланы кішкене кезінде еңбекке, сабырлыққа және байсалдылыққа шақыратын азамат міндетті түрде керек, – дейді Сенат депутаты.

БОРЫШЫ АЛДЫНДА БОЙ ТАСАЛАЙТЫНДАР КӨБЕЙДІ

«Әскерге барудың өзі бір ғанибет» деген қала тұрғыны, көпбалалы әке Ахмет Дарханов өзінің әскердегі кезін еске алды.

– Біздің кезде баласы әскерден келген отбасы көрші-қолаң, ағайын-туыс, дос-жаран, құда-жекжатты шақырып, мал сойып, ет асып мәре-сәре болып жататын, әйтеуір. Баталы, аталы сөздердің тиегі ағытылып, әскерден келген сарбазға жасық тілектер айтылатын. Ал ауылдың қарамолақтары үшін мұндай басқосулар дүбірге толы тол іспеттес еді!

Әскерге аттану мен оралу үлкен маңызға ие еді. Кеше ғана бөтенкесінің бауын байлай алмайтын, қалғып-мүлгіп, өріске малын айдай алмайтын ағаларымыздың екі жылдан соң ертегідегі ерлердей елге оралғандағы бітім-болмысына тамсана қарайтын едік. Шын мәнінде, шынықпанын шымыр денесі айқындап тұратын. Мінез-құлқы да өзгергенін аңғаратынбыз. Біріміз – қалың қайыс белдігін, біріміз ай пішіндегі әскери телпегін олжалап, әйтеуір, мөз болып жататынбыз. Оны көздің қаршығандай қастерлеп, айналымға мақтана көрсетіп, мағназданатынбыз. Байқасақ, біздің әскерге бару арманымыз осылай қалыптасқан тәрізді. Әскер де өмір мектебінің бірі екендігін ұғынған кез сол кезде болса керек...

ТІЛШІ ТҮЙНІ

Қоғамда Әлихан секілді жастар неге көбейді? Әскерге неге барғысы келмейді? Сөз соңында осы сұрақты полковник Бауыржан Асановқа қойғанымызда, оның түрлі себепі барын айтты.

– Қазіргі жастардың Отанға деген сүйіспеншілігі төмен деңгейде болуы, моральдық-психологиялық тұрғыдан әлсіз болуы, ата-аналардың балаларының әскери қызметін өткеруге қарсылығы, бір жыл уақытын текке жоғалтып алу деген ой қалыптасқан. Негізінде әскери кезең жеңілдетілген. Айталық, әскерге барғандардың несиесі бір жыл уақытша тоқтатылады. Жоғары оқу орнына ақысыз негізде түсуге мүмкіндігі бар. Біз бүгінгі өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, елге қызмет етіп, анттына берік болуға шақырамыз, – дейді полковник.

Отанды қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы әрі міндеті. Төпсе темір үзетін қазақтың қара нардай жігіттерінің әскерге барудан жалтаруы азаматтығына сын.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Денсаулық сақтау министрі
Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА:

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІ САПАЛЫ БОЛАДЫ

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Шәріпбайқызы Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, «Достық үйінде» тұрғындармен кездесті.

Халыққа медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін жақсарту мақсатында министрлік халықтың ұсыныс-пікірлеріне талдау жүргізіп, ұдайы жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен, біз қолданыстағы анықтамалардың 27 түрін 2 есеге, яғни 10-12 анықтамаға дейін қысқарту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Пациенттерге ыңғайлы болу үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған талдаулардың тізбесі жалпы жиынтықта 42 зерттеуге қысқартылды және олардың қолданылу мерзімі 6 айға дейін ұзарды. Сондай-ақ тегін амбулаториялық дәрі-дәрмектердің тізімдері және оларды алу тетіктері қайта қаралуда, – деді Ақмарал Әлназарова.

Бүгінгі күні еліміздің 7 өңірінде жаңа пилоттық жоба іске асуда. Оның ішінде Сыр өңірі де бар. Бұл «Бір күндік клиника» жобасы жүкті әйелдерге пренаталдық диагностиканың инновациялық әдістерін жүргізуге және патологиясы бар баланың туу қаупін уақытылы анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қызылорда облысының тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін ел қазынасынан 19,7 млрд теңге бөлінген. Бүлөткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өскен. Ал тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша биыл 17,6 млрд теңге бөлінген. Оның 9,6 млрд теңгесі стационарлық деңгейге арналады, қалған 8 млрд теңге қаржы амбулаториялық деңгейге бөлінген.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, Қызылорда облысына медициналық құрал-жабдық сатып алуға 8,6 млрд теңге қаражат бөлінген. Себебі осы арқылы медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру аясында өңірдегі 27 ауылға медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысанын салу жоспарланған. Яғни ауылдарға медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар салынбақ.

Ұлттық жобадан Шиелі, Қазалы, Жаңақорған және Арал аудандық ауруханаларына күрделі жөндеу жүргізу және медициналық жабдықтармен жарақтандыру арқылы жаңғырту жұмыстары көзделіп отыр. Алдағы уақытта медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар белгілі бір уақыт пен ресурстарды талап етеді. Десе де біз медицина қызметін халыққа сапалы әрі тиімді ету үшін тиісті жұмыстар атқарамыз, – деді Ақмарал Әлназарова.

Кездесуде сөз алған аймақтың бас дәрігері Олжас Ысқаков өңірдегі медицина саласында атқарылып жатқан жұмыстарды бағалады.

Бүгінгі күні облыс халқына 25 стационарлық, 26 амбулаториялық емхана және 100 дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік-акушерлік бекет пен 97 медициналық бекет қызмет көрсетіп келеді. Жалпы облысымызда 3000-ға жуық дәрігер мен 12 мыңға жуық орта буын мамандар қызмет етеді. Республика бойынша дәрігерлермен қамтамасыз ету бойынша 7-орында болсақ, орта буын мамандарымен қамтамасыз ету бойынша бірінші орындамыз. Десе де тәжірибелі дәрігерлер жетіспеушілігі облыс орталығында орын алып отыр. Дәрігерлер тапшылығын азайту мақсатында болашақ мамандарды шақырып жатырмыз. Одан бөлек, дәрігерлердің біліктілігін арттыру үшін 144,9 млн теңге бөлінген болатын. Олар Түркия елінде 2 апта білімін жетілдіріп, мамырдың басында 10 реаниматолог пен 5 кардиолог мамандарымыз келді. Биыл мамандардың арнайы шетелде біліктілігін арттыруға бөлек 55 млн теңге қаражат бөлінді, – деді Олжас Ысқаков.

Сондай-ақ аймақтың бас дәрігері облыстағы медицина саласы бойынша жүргізілген құрылым нысандарын айтып өтті. Сонымен қатар тұрғындар медициналық кенес пен медициналық көмектің қолжетімділігі, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық кадрларды даярлау туралы және тағы да басқа өзекті мәселелер бойынша сұрақтарына жауап алды.

Назира МҰҚАТАЕВА

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН БІЛІМ ҰЯСЫ

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп дана халқымыз айтқандай, білім – жеңілмейтін қару, қараңғы түнде аластырмас жарық жұлдыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккөр болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек, жана ұрпақты еңбексүйгіштік идеялары мен құндылықтары негізінде тәрбиелеу керек» деген болатын.

Бүгінде Қызылорда қаласындағы көптеген мектептер осындай үдеден шығу жолында тынымсыз еңбек етеді. Сыр еліндегі осындай үздіксіз ізденісте білім ұясының бірі – Иван Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі.

Шаһар орталығында орналасқан киелі шаңырақтың өңір тарихында алар орны ерекше. Осы аралықта мектептен қаншама дарын түлеп ұшты.

Мектеп-лицей 50 жылдық беделінде зиялы қауымның табан тіреп нысанына айналып, білім мен тәрбиені қатар ұштаған шәкірттер ұстаз абыройын асырғаны анық. №5 мектеп-лицейі 2023-2024 оқу жылы қорытындысымен пәндік олимпиада нәтижесі бойынша қала мектептері арасында 2-орынға лайық деп танылып, зор жетістікке қол жеткізіп отыр.

Бұл білім ордасы оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына жағдай жасап, әлеуметтік орта қалыптастырып отырғанын мақтанышпен айтуға болады. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп Абай ағамыз айтқандай, жүректің жылыуы, ар-намыс, қайрат-жігер деген сезімдерін ұлт болашағының санасына сіңіре білген оқу ордасынан білім мен тәрбие

алып жатқан өскелең ұрпақ өмірден өз орындарын тауып, қоғамда еңбек етеді.



– Бүгінде білім беру саласы жыл санап жаңарған мазмұн, жаңа технология көмегімен алға қадам жасауда. Талабыменталғамы өскен қоғам мектеп қабырғасында баланың теориялық білімімен қатар, практикалық білігін де қалыптасқанын көздейді. Оған қоса оқулықтан ғана үйретіп, ауызша талдаумен шектелетін әдістеме заманауи білім беру ісінде ескіргелі қашан. Осыған орай Қазақстан мектептерінде технологиялық игілік пен ғылыми жаңалықты алдымен мектеп оқушысына жәрдем есебінде пайдалануға күш салуда. IT құрылғылар, робот пен пәндік кабинетте

жаңашылдық сезіліп, білімді жастың қатары өсіп отыр, – дейді мектеп директоры Рита Мұқашова.

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушысы Роза Салдық математика пәнінен «Зерде» жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобаның республикалық кезеңінің гран-при иегері атанды. Жетекшісі – Ғабиден Қайдауылов, математика пәні мұғалімі.

оқушысы Көркем Кемел «үздік ойыншы» номинациясымен марапатталса, «Алтын қазына» колонер шеберлері байқауының қалалық кезеңінде 2-орын иеленді. Мектепте «Eco green lab» жасыл бөлмесі биыл іске қосылды. Жоба аясында оқушылардың бас қосып, өздерін еркін, жайлы сезінуіне мүмкіндік жасау үшін арнайы кабинет жабдықталуда.

беру ісінің құрметті қызметкері» төселбісімен марапатталды.

Мектеп басшысы ұжымның алға қойған мақсаттарымен де таныстырды.

– Жекелеген пәндерден балалардың қабілетін, бейімділігін айқындап, олимпиада резервін дарынды оқушылармен толықтыру, дарынды және ерекше қабілетті балалардың ізденуіне жағдай жасау, сол арқылы білім сапасын

Арыслан Нұрланұлы география пәнінен «Дарын» жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың республикалық кезеңінің 2-орын иегері атанды. Жетекшісі – Құлзада Салдықова – география пәні мұғалімі. Ангелина Белоусова – «Дарын» жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар байқауының орыс тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық кезеңінің 3-орын иегері. Жетекшісі Роза Күзембаева – орыс тілі пәні мұғалімі.

Сонымен қатар ұлттық мектеп лигасы бес асық ойынынан облыстық іріктеу жарысында 7-8 сынып оқушылары 2-орын иеленсе, 7 «б» сынып

Кабинетте жұмсақ орындар, үстел, су диспенсері, тәттілер, бөлме гүлдері, буккросинг бұрышы, теледидар, қараоке болады. Бөлмені жабдықтауда да жиналдың түсінік, дизайнының оқушыға тек жағымды көңіл-күй сыйлауын психологтардың зерттеуіне сүйеніп ұйымдастырылуда.

Білім мекемесінің ұстаздары да абырой төрінен көрінуде. Мектеп мұғалімі Ғабиден Қайдауылов Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасын иеленсе, Роза Күзембаева «үздік педагог» атанған. 2022-2023 оқу жылында мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі «Білім

арттыру – біздің басты мақсатымыз. Дарынды оқушының ғылыми ізденіс жұмысымен көбірек айналысуына жетекшілік ету, жағдай жасау, жеке-жеке оқушылармен мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейдегі тапсырма мен материалды көбірек қамту арқылы қатысушы емес жөнін назарымыз. Әдістемелік пән бірлестіктегі барлық мұғалімдердің толық қамтылып, олимпиада, ғылыми жоба, байқауларға қатысуына ықпал ету, қолдау көрсету – басты жоспарымыз, – деді мектеп директоры Рита Мұқашова.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

Жырлайды жүрек

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...» деп Абай ғұлама айтқандай, поэзия әлеміне өзіндік өрнегін салып, қалам тербеп жүрген №222 мектептің 9-сынып оқушысы, жас ақын Шыңболат Артурұлының бір топ өлеңін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Кестелі өлеңнің мәнін ұққан жас жеткіншекке ақ жол тізейміз.

Ей, өлең..

Ей, өлең, досым да, сен, қорғаным да, Алыстама, ардайым бол, жанымда. Суыттың, денем күйіп-солғанымда, Жылыттың, жүрек мұздап тоңғанымда. Қалғанда жаулатып, көлік болдың, Жаным еркіндік пен серік болдың. Шабытым ашылғанда найзағайдай, Басыма жарық бұлттай төніп қондың. Ей, өлең, егізімің, сынармысың, Өзімнен жүрек сыры шығады шын. Жырдың мен теңізінде адасқанда, Жарқырап жол көрсетер шырағымсың. Сезбеймін қаласың ба, өлесің бе, Өзімнен әлде бірге сөнессің бе? Ұрпағым оқиғанда жаны кірсін, Түсір сен, ұмыттырмай мені есіне!

АМАНАТ

Ұрпағым, саған аманат, Атамекен пәк жерім, Киелі болған бақ жерім. Өзіңнен биік тұрса екен, Хандығым болған тақ жерім. Салт-дәстүрім, ырымым, Шашпау менен бұрымым, Балалық кезім, әр күнім. Намысың қорғап арыңды, Гүлденсін жастық әр гүлің. Отаным, ұлтым, иманым, Сарқытым, кәде сыйларым.

«Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнының басшысы Бауыржан Әбдіғалпарұлы баспасөз орталығында БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

Кәсіпорын басшысының айтуынша, кәсіпорын теңгерімінде 976,12 шақырым ауыз су жүйелері, 11 дана II-ші су көтеру насос станциялары, 112 ұңғыма, 6 дана су қысымын көтеру насосы станциялары және Тасбөгет кентінде бас су жинау кешені бар.

– Тұтынушыларға 74 ұңғыма арқылы тәулігіне 74-78 мың текше метр ауыз су өндіріліп, таратылып отыр. Ауызсу қажеттілігі артаған уақытта су қысымы 2,4-2,5 атмосфераға дейін көтерілуде. Барлық ұңғыма мен су алу құрылымы жүйелі жұмыс істеуде.

Далаға төкпе бабамның, Қасық қанымен жиганым. Келешек, ертең, бүгін де, Көктегі сәулесі, күнім де. Қорламай таза сөйлеп жүр, Өзіңнің ана тіліңде. Көктөбем, асыл жерім де, Өзенім, тауым, көлім де. Қорлатпа, қазақ намысың, Менің де ұлтым, сенің де!

Ақындық деген...

Белгісіз дертке жолықтым, Қай кезде мен сауығам деп қорықтым. Мен үшін бұл жазылмайтын дерттейін, Ақындық бір ауру екен соны ұқтым. Шабыт келсе тұла бойың тұнар сыр, О, шабытым, өлеңімнен тынықтыр. Кез келген жан аша алмайды кілтпенен, Ақындық та темір қақпа құлып бұл. Жырларымын қырағымды шырағалаң, Ақын үшін тар секілді бұл ғалам. Әп сәтте бір өлең келіп ойыма, Оны қалай әрлеп шығам таңданам. Бірі сенер, бірі сенбес сөзіме, Сұра келіп сұрап болсам өзіме. Ақындықтың түр сипатын, мән жайын, Айтып берем тура қарап көзіңе!

Бақыт деген...

Бұл заманда адамдар көп әркімді, Қоғ қиялдан бақыт іздеп қалғиды. Жекпейлерің бай болуға талпынса, Байын Құдай боламын деп налیدی. Бақыт деген ұстатпайтын тек арман, Арман ұлы үміттерден жараланған. Бақыт құсы бар адамға қонады, Өткен, бірақ, әр адамға әр аулан. Бақыт деген әке-шешен қасында, Анаң барда бақыттысың, расында. Бақыт деген мейірінде әкеніңді, Ал анаңның аяғының астында.



«KazChess» Қазақстан шахмат федерациясының қолдауымен қаладағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандырылған сыныптары бар мектебінде шахмат сыныбы ашылды.

ШАХМАТ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ



Пилоттық жобаның негізгі мақсаты – елімізде шахматты дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес бастауыш сыныптағы балаларға шахмат үйрету.

Сыныптың ашылу салтанатына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, қалалық білім бөлімінің басшысы Жаннат Сәдуақасова, Қызылорда облысының білім басқармасының «Білім, спорт және қосымша білім беру орталығы» КММ-нің өкілдері, «KazChess» Қызылорда қаласындағы филиалының атқарушы директоры Сұлтанғұл Тұяқбаева, «Гиннес» рекордтар кітабына енген, алып күш иесі Сергей Цырульников қатысып, білім ордасында шахмат шеберлерін дайындауда даңғыл жол ашылатынына сенімді екенін жеткізіп, жас шахматшыларға сәттілік тіледі. Ал сом білекті, батыл жүректі Сергей Цырульников мектептің акт залында темір тағаны ерен күшпен майыстырып, түрлі трюктер жасап, оқушылармен бірге жаттығулар жасады. Мектепке қолдан жасалған темір тағаны сыйға тартты. Ерен күш иесінің айтуынша, мұндай тағаны бұған дейін 33 мемлекетке тарту еткен.

Айта кетейік, бүгінгі таңда «KazChess Freedom Broker» компаниясының және «Freedom Shapagat»

корпоративтік қорының қолдауымен еліміздің 7 аймағындағы 7 базалық мектепке шахматты сапалы оқытуға арналған толық жиынтықпен қамтамасыз етті. «Абай» атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандырылған сыныптары бар мектебінен бөлек, бұл қатарды Астана қаласындағы №8 мектеп-лицейі, Балқаш қаласындағы С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы, Шымкент қаласындағы Қарсыбай Спатаев атындағы №7 мектеп-лицейі, Алматы қаласындағы №90 мамандандырылған мектеп-лицейі, Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп атындағы мектебі мен Орал қаласындағы №37 мектебі бар.

Сала мамандарының айтуынша, шахмат пәнін бүгінде еліміздің жеті облысындағы 42 мектепте бастауыш сынып мұғалімдері оқытады. Оқуға мыңнан астам бірінші сынып оқушылары қамтылған. 2024-2025 жаңа оқу жылында жобадан тыс мектептердің санын 350-ге дейін қамту жоспарлануда. «KazChess» шахмат ойыны арқылы жас буынның ақылды, білімді және тәрбиелі болуына үлес қоспақ. Енді шахмат ойыну шеберлері біздің өңірдің де мәртебесін биік көтеруге атсалысатын болады.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Жаз айларында тәулігіне 100-110 мың текше метр ауызсу өндіріліп таратылады. Оның 62-63,0 мың текше метр ауызсу жер асты су қорынан, қалған 37,0-38,0 мың текше метр ауызсу жер үсті су алу көзінен өндіріледі, – деді кәсіпорын басшысы.

Мекеме басшысының айтуынша, ауызсу сапасы бойынша түсетін шағымның көпшілігі «Арай» шағын ауданы тұрғындарынан түсетінін айтты. Бұл құрылымға 2013 жылы Қызылжарма кен орынынан 13 бірлік ауызсу ұңғымасы бұрғыланып, пайдалануға берілген. Ұңғыма тереңдігі 470-482 метр, 2-ші көтерілімдегі насосы станциясы, көлемі 1000 м3 болатын 4 дана таза су резервуары бар.

– Су жинау резервуарына құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес 2 жылда 1 рет

тазартылуы керек болса, Арай су алу құрылымының таза су резервуарлары мен кварталаралық ауыз су жүйелеріне тазарту, жуу, шаю және залалсыздандыру жұмысы бір жылда 2 реттен жүргізілуде. Наурызда жоспардан тыс тазарту, жуу, шаю және залалсыздандыру жұмысы жүргізілді.

Бұған қоса, «Гео-Инвест» ЖШС мамандарымен ауызсу сапасына геологиялық барлау, талдау жұмысын жүргізуге келісімшарт жасалды. Қазіргі уақытта тексеру жұмысы жүргізілуде, – дейді кәсіпорын басшысы.

Жаз маусымындағы су мөлшерінің төмендеп кетуіне көлік жуу бекеттерінің де әсері мол екен. Шынында, қалада көлік жуу орындары көбейіп жатқаны жасырын емес. Бүкіл әлемде су тапшылығына байланысты мәселелер орын алып

жатқанда таза ауызсумен көлік жуу жергілікті тұрғындарды сапалы сумен қамтамасыз етуге көріп отырғандай дария суы да азайып, тіршілік тынысына деген сұраныс артауда.

– Соған қарамастан ауызсу қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 620 млн теңге бөлініп, межеленген жұмыс орындалды. Жоспарланған 36 ұңғыманың ағымдағы, 14 ұңғыманың және 6 бірлік су қысымын көтеру насос станциясының күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл насос станциялар 63 көпқабатты тұрғын үйлердің су қысымын реттейді.

Жиын барысында кейбір тұрғындар арасында су есептеу құрылғысын негізсіз шешіп алу фактісі кездескенін де тілге тиек етті. Су есептегіш құрылғыны арнайы мекеме қызметкерлері шешпесе, айыппұл төленетіні ескертілді.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Кие қонған жануар

Жылқы – текті жануар. Түлік жайлы әңгіме де, аңыз да көп. Мені әлеуметтік желідегі Ибрагим Нүрпейістің әңгімесі елітті.

«Ол кезде ауылда тұратынбыз» дейді кейіпкеріміз. Алақандай ауылда бір оқиға болса дереу ел дүрлігіп тез хабардар болады. «Ел құлағы – елу» деген сол. Бір күні ел-аңда ауылда ойнауға кеткен бала ұшты-күйлі жоғалып кетті. Бала үйге қайта оралмаған соң, ата-анасы баланы іздеуге шығады. Кешқұрым боран күшейіп бала ауыл сыртында ойнап жүріп, қасындағы достарынан ажырап адасып кетеді. Әбден заресі кеткен бала үйін таппай айдалада басқа ауылға бағыт алады. Түн ортасы ағанда әлі кетіп, ашығып тонған бала, келе жатқан бір үйір жылқының жолына ес-түссіз құлайды.

Үйір айғыры баланы алғашында жыртқыш аңға балап оскырына кісінеп, жер тарпып, бір орында тұрмай бала жатқан жерге шауып келеді. Құнанында бас біліп, иесін далада қалдырмаған қасиетті айғыр ес-түссіз жатқан баланы иіскелеп, жыртқыш емес екенін сезініп, күдігі сейіледі. Айғыр қайта үйіріне шауып барып, үйіріндегі жылқыларды бала жатқан жерге құйып келеді. Үйірдегі барлық биенен айнала қоршап, бастарын иіп, демімен таңға дейін баланы жылытып тұрған.

Таңертең көрші ауылдың тұрғыны атпен мал іздеп келе

жатып, ат шаптырым жерде өзінің айнала шеңбер жасап тұрған жылқыларын көреді. «Әдетте, жылқы бұрын-соңды шеңбер жасап тұрмаушы еді. Бие құлындады ма?» деп ойлаған жылқышы не де болса жақсылыққа балап үйірге қарай шаба жөнеледі. Келсе ортада шалажансар, не өлі емес, не тірі емес бала жатыр. Таңертең ғана жылқышы шай үстінде әйелінен «көрші ауылдан бала жоғалыпты» деген әңгімені естіген еді. Осы уақытта баланың ауылдастары топқа бөлініп таңға дейін баланы іздеп таппайды. Бұл жағдайдан көрші ауылдар да хабардар болған еді. Аттылы кісі баланы шапанына орап, дереу үйіне жеткізіп, аман-есен ата-анасына тапсырады.

«Жылқы иесінің айтуына қарағанда, жылқылардың баланы қорғап қалуға бар демін салғаны сондай, жердегі қалың қарды ерітіп жіберген екен», – дейді өз әңгімесінде желі қолданушы.

30 жылдан астам ат баптаумен айналысқан атбегі Сайфулла Дүйсенбековтен де тұлпардың тектілігі туралы әңгіме айтуын өтінген едік.

«Дегеннен ол кісі «Аттың жылағанын көріп пе едіңіз?» деп маған кері сауал тастады. Мен басымды шайқадым. Ол алтын көмбегегі әңгімесінің тиетін ағытты.

«Басынан бағы тайып, бабы болмай қиналғанда, жарықтық текті жануардың жанарынан талай мөлдіреген жасын сүртіп, жан дүнием құлазыған сәт болғанын жасырмаймын. Мөлдіреген көзіне мойылдай мұң ұялаған қайран аргымақты жұбатып, сауырынан сипай алмай кеткен кезімді еске алсам, заты асыл сәйгүлікті бағаламаған

бапкерлерге іштей қынжыламын. Ақылды жануардың сезім пернесін дөп басып, жан-тәнімен қызмет етпесен топ жарған додада жеңістің дәмін тату мүмкін емес. Жансөбіл болған бейнет пен табан ет маңдай терінің арқасында шаршы топта хас жүйріктерді шаң қаптырып, дара шауып бас бөйгенің бағы бұйырады», – дейді кәнігі бапкер.

Оң жамбасына дөп келген әңгімені айтқан сайын оның екі беті алаулап, жанарынан жарқылдаған от ұшқыны көрінеді. Бәйге мәресіне тұяқ тигізген аргымақ секілді қызынып алған ат баптаушы басынан өткізген қызықты оқиғаларын тізбелей жөнеледі. Көз алдымызға бір сәт дала төсін дүбірлетіп көсіле шапқан хас тұлпарлар елестеп, оқиғаға еліте түстім.

«Бір тәулікте екі аламан бәйге шапқан тұлпарды көрдік. Арты жақсылыққа бармады. Жаңақорған ауданы Жайылма ауылында ас бәйгесі болды. Жарыста шиелілік тұлпар бірінші болып бәрімізді қуанышқа бөледі. Сол жерде ертең түс кезінде Сунаката ауылында сабантойға бәйге беріп, ат жарыстырамыз деген шақырыс болды. Біз сол жерге келіп қонып, бәйгені қызықтадық. Әлгі жүйрік тағы да бірінші болып келді. Бірақ бұл жолы біз қуанбадық, жануардың алдыңғы екі аяғы майысып жерге тиді. Аттың қасынан өтіп бара жатқанда екі көзінен жас парлаған жануар бізге қарады. Біз жерге қарадық. Бұл қалай болды, бір аяғына тұрмайтын жаман тай үшін мына жануарға не істеді? «Ат иесіне атак па, әлде тай керек болды ма?» деген ойлар келіп жатты. Бапкері жасы үлкен, көргені көптеу кісі болатын. Сондықтан іштен тындық та, жүріп кете бердік», – деді атбегі терең күрсінді.

Жылқы малдың төресі екенін, оның ел естімеген қадір-қасиеті барын біреу білсе, біреу білмей жатады. Бүгінгі әңгіме де солардың алтын үзгі екені даусыз.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Бір оқиға жаныңды жадыратады, ал енді бірі терең ойға батырады. Жүйкеңе тиіп, ашуыңды келтіретін жағдайлар да жетіп артылады. Оның қай-қайсысы да қаламға арқау бола алады, оқырманға ой салар дүние шығып жатса, қаламгердің жаны рахат табады. Міне, көңіл көзіңді түйген дүниесін оқырман назарына ұсынғанды жөн санадық...

ЖІГЕРІ ЖАСЫМАҒАН ЖАН

Оның көз жанарынан өкінішті көрдім. Бірақ моймайтын қасиеті мен асақ рухы сол өкінішке жеңдірмей, оны алға сүйреп келеді. Тізеден кесілген аяқтың үстіне ұялы телефонның қойды да, жанардан аққан жасын сүртті. Еркек кіндіктің көзінен жас шыққанын сирек көреміз ғой, бірақ тағдыр оны аяусыз сынаған тәрізді.

– Иімі, – деді ағарған самайын сипап тұрып. – Бар нәрсенің қадірін біліңдер. Мен осы екі аяқтың барында тірлік қылмапшын, ашы судың соңынан еріп, отбасыма қарамай кеткен кездерім болды. Сол күндерден тапқан пайдам осы. Екі аяқты бердім, – деді.

Аялдамада отырып, бейтаныс жігіттің өмірі көз алдыман көлбеңдей берді. Қазір етік тігеді екен, қолынан іс келіп, Құдай отбасының нәпақасын бұйыртқан ғой. Сағат жөндейтін де шеберлігі бар.

– Қажет болса, етікті нөлден бастап тігіп беремін. Ұнайтын үлгің мен өлшемін айтаңдар. Тас қыламы, – деді ойға шомып кеткен мені оятып жібергендей болып.

Адамның көңілін де табатыны көрініп тұр. Қасиеті керек қасиеттің бірі ғой. Кім кісі мен ұсқынына қарасаң, табысты жақсы табатын жан. Түрі келіскен азамат. Ішгей сүйсіңдім.

Автобус келді. Заманауи көлік қоларбаға арналған жолағын да шығарып, әлгі жігітті мінгізіп алды. Оның көңілді жүретініне риза болдым. «Үкіметті бәрі жамандайды ғой, мынаны қарасай, бізді де керек етіп, көлікке салып алып жатыр. Оған қалай өкпелесің?!» деп, қол бұлғап барады.

Әлгінде ғана қан қысымым дұрыс болмай, басым ауырыпқырап тұр еді, көзім шайдай ашылды. Тіпті, көңілім де серпіліп қалғандай ма?! Дереу екі аяғымға қарадым да, алдымда екі аялдама ғой деп тартып отырдым. Шынымен, ұялып кеттім.

Бөле әпкем болатын. Тағдыр оған мына ғаламды көзбен көруді жазбапты. Есесіне, оның көкірек көзі ояу болатын. Сезім арқылы бәрін біледі ғой. Төрте отырып, үйге кімнің кіріп, кімнің шығып бара жатқанын жазбай таниды. Оны тіпті алдау да мүмкін емес. Бірде маған балаларыммен кездескісі келетінін айтты. Ол бала Аяңды біраз жыл бұрын көрген. Ендігінде бетін алақанымен сипап, баяғы жадында сақталып қалған бейнемен салыстырды да «ер жетіпсің» деп күлді. Енді Аяңның балаларының қандай екенін білгісі келеді. Тәтемнің тілегін орындауды өзіме мақсат етіп алдым да, балаларды көлікке отырғызып алып бардым. Еркелетіп, сүйіп жатыр...

Келесі барғанымда тәтем шақырып алып, қолдан тоқылған шұлықтар мен кеудешелерді қолыма ұстатты. Сенсеніз де, сенбесеніз де сол, тәтемнің қолынан шыққан туындылар балаларға құйып қойғандай жараса кетті. Тіпті бір мысқал да кем не артық емес.

Көз көрмеген нәрсені көңілмен түйген жанның жан дүниесі қандай керемет деген күйі қалдым...

«КЕЛІНШЕГІМДІ БЕСІКТЕ ТЕРБЕТтім»

– Мен келіншегімді бесікте тербеткен адаммын, – деп маған жымия қараған жігіттің бұл сөзі алғашында ерсілеу көрінген.

Қала көшелерін аралап келеміз. Темір жолдың арғы бетіне өтем дегенше қатты ойланам. Сұрайын десем, ішімнен «қайбір онған әңгіме дейсің?» деген бір ой қылтып қояр емес.

– Аға, сонда келіншегіңді бесікте тербетуіңді қалады ма? – дедім түк білмегенсіп.

– Е-е-е, ол ұзақ әңгіме, – деді де таксист басында сегізтісті шәпкіні бір шешіп, бір қылды. – Ол кезде мектеп жасындағы баламыз. Сыныптасым Зухрамен жақсы қарым-қатынаста болдық. Күн сайын көшеге шығып, шемішке шаға отырып әңгіме-дүкен құрамыз. Гитарамен ән шырқаймыз. Ал Зухра кішкентай сіндісін арбаға салып ала шығады. Тіпті кей күндері соның үйіне жиналғанда маған өзмісіңіз, бесіктегі сінділім жылап жатыр, тербете салшы деп те айтатын. Ауыл баласы бесаспап қой. Бәріне үлгереміз.

Әлі де болса, әлгіндегі сөздің қисыны шыға қоймады, білем. Түнгі қаланың жарқыраған шамдарына көз тастадым. Жаз мезгілі болатын. Таксист қауын базардан тағы бір жолаушыны мінгізіп алды. Бағытымыз бір екен.

– Иімі, әрі қарай тіпті қызық.

Өзі бір ақкөңіл, ақжарқын адам екен. Мен көзімді ала бере санымнан соққылап жіберіп, өзіне қаратып аламын.

Мен оның әдетіне үйрене бастаған сияқтымын. Темекіні әкесінің ақысы қалғандай сорғылап тартып-тартып, аузынан паровоздың түніндей бұрқыратады. Тәйірі, бұл да өнер ғой, ә...

– Мектеп бітірдік. Әрбіріміз өмір мектебінен дәріс алуға әр қалаға аттандық. Мен ауылда қалдым. Трактордың руліне қонышып отыра кеттім. Жылдар өтті. Жасым 40-қа таяды. Қатарымның балалары сабаққа барады. Ал мен соқа басым сопышп әлі жүрмін. Бұйрық болмай жүр деген бар ғой, сол рас екен. Бұйрығың жарасқан аламыңды кезіктіргенде жүрек дір ете қалады екен ғой. Сөйтпін, ойда-жокта баяғы өзім бесікте тербеткен қызды, яғни сыныптасым Зухраның сіндісін алдым. Қалай, қызық па, иімі?! – деп тағы да санымнан қойып қалды.

Еріксіз жымидым. Расымен, қызық екен.

Тағдыр дегенді қойсаншы. Ауылдағы Әдеш досым ойыма түсіп кетті. Оның маңдайына кім жазылған екен?! Оның жүрегінің де дір ететін кезі келді ғой!...

ЫСТЫҚ НАН

Бала кезімде анам шоктан жана шыққан ып-ыстық нанды қушақтап келе жатқанда бір үзімін сындырып ап жүгіре жөнелетінімін. Жана піскен нан тек өзінің қол тигізбес ыстықтығымен ғана емес, ерекше иісімен, дәммен баурап алатын.

Сонда анам жалаңақ, жалаңбас, шашын тықырлаған қарадомалақ мені үйге шақырып алып, бір тапа нанды сары майға бөктіріп беретін. Кізі үйдің төрінде үлкен тостақ ішіндегі ұсақталған нанды уыстап аузыма

тығып отыратын көрініс балалық шағымның белгісіндей болып қалды.

Шіркі, балалық. Қаннен-қаперсіз ешнәрсеге бас қатырмай жалаңақ жүгіресің де жүресің. Қорадан қозы-лақты көкке шығарып келіп, кезектен мал келгенде оларды жамыратасын. Күнделікті ауыл тіршілігі. Осылай зулаған күндер өте беретін.

... Автобустан түсе сала ыстық нанның иісі мұрнымды жарып тұла бойыма таралды. Бәз-баяғы балалық шақтағы бір үзім нан көз алдымда көлбеңдей берді. Елден жырақта студент болып жүргенімде де осы бір күдіретті дәмді әбден сағынатынымын. Аңсайтынмын. Мен үшін әлемде баға жетпес дом осы.

Аулаға кіре есікті ұстаған күйі ойға шомып кеттім. Анам келіп маңдайымнан иіскелді.

– Жүре ғой, құланымы. Сенің келетіңді сездім-ау, нанды жана ғана шоктан алдым.

Жанарымнан ыршыған ыстық тамшы жерге құлап барады...

ДАРХАННЫҢ ҚАРМАҒЫ

Ауыл сыртында Октябрь атты канал бар. Суды қадімгі Шіркейлі каналынан алады. Бақшамаз сол тұста болған соң, сол жердегі бес-алты үйдің баласы бірігіп қармақ құрамыз. Тіпті қалтқыны ауыртпалыққа жақын тастап, қай балықтың қалай қауып жатқанын көріп тұрасың. Суының мөлдірлігі ғой. Дарханның бізден бес-алты жас үлкендігі бар. Ол да бізбен бірге қармақ құрады. Бір ерекшелігі, балық біткеннің бәрі Дарханның қармағына құмар.

Иә, сол жаздық тәбішкенін жұқа табанынан қиып, кендір жіппен байланған қармақтың не сиқыры бар екенін бәріміз білгіміз келетін.

Дархан қармақ құрса, біз өзіміздікін ұмытып, соңына қарап отырамыз. Осылайша бірталай уақыт қызыға да, қыз-ғана қарап жүрдік.

Бірде Дархан:

– Балалар, мен ертең алыс ауылдағы апамд-кіне барамын. Қармақ құруға келмеймін, – деді.

Оған қуанбақсақ, ренжіген жоқпыз. Сол уақытта Октябрьдің бар балығы бізге қалатындай қуанғанмыз рас. Қазір қарасаң, балалық қой. Оның қармақты қайда тығатынын білетімің. Балалардың бәрі кеткенін тостым. Соңғы бала кеткенше тағатысызана тостым да, Дарханның қармағын алып, өз бақшама ттығып қойдым.

Арада біраз уақыт өтті. Дарханға әкесі су жана қармақ сатып әперітті. Оған да балық түскіш екен. Ара-тұра балалармен бірге бармай, бақшалықтың аяғындағы қалың шенгелдің арасына Дарханның қармағын құрып аламын. Бірді-екілі ақ балық түседі. Балалармен бірге асыр салып отырып, ауламаған соң маған бұл қызықсыз көрінді.

Әйткенмен Дарханға қармағын қайтаруға ендігі кеш еді...

АРМАНЫМ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

90-жылдардың орта тұсы еді... Ауылдағы жалғыз орыстан сатып алған тоқал тамның кішкентай терезесінен күн сәулесі көмескілене түсетін. Ауласы да қоршалмаған ауыл шетіндегі осы үйді әкем «менің балалық шағым өткен үйі. Мына үкімет берген қосалқы үйдің не ауласы, не қорасы жоқ. Сол жақтан үлкен зәулім сарай салып берем» деп алған. Өлеңкіде бұрынғы үй жақтағы достарды қимай біраз қиналды. Сонда ескі тракторге көштің жүгін артып, ауылдың о шетінен бұ шетіне шықтық. Көрі Құтжол соңымыздан ере жүгіріп келеді. Байғұс ит бәріміздің жапатармағай шыққанмызға қарап көшіп келе жатқанымызды сезсе керек.

– Апау, мына көміптің сыртында «Мечта» деген жазу тұр. Ол не сөз? – дедім.

Жеті жас үлкен әпкеммен таласа-тармаса әріп танып, оқи алатыным болмаса, орысшаға жетпеген едім.

– Балам, осы көміпті жеп арманыңды ойласан, орындалады, – деді жүзінен нұр төгілген анам.

Мен ішімнен «әкем үйге келсінші» деп тіледім. Ол қарапайым шаруа адамы еді. Үстіне жала жабылып, уақытша қамау изоляторына қамап тастағалы бір айдан асқан. Жанарыма жас толып, күн сайын іздеймін, сағынамын. Үйдің бәрі бала ғой деп алдаса да, іштей бәрін сеземін. Ал содан бірнеше күн бұрын анамның түпкі бөлмеде үнсіз жылап, көз жасын сығып отырғанын көрдім. Бірақ көрмегендей болдым. Ол кезде не деп жұбатарымды да білмеген едім. Бір күні «Мечта» барбарисін жеп отырғанымда анам күлімсіреп отырып, арманымың орындалатынын айтты.

Ағаш терезе. Оның үстіне бір қабаты сынған. Көне үй ғой. Әйнектің сыртынан қабақтан қалың целлофан қағып тастағанбыз. Желдің өтпеген қорғап, жылыды сақтап тұрады. Біреу терезені қакандай болды. Бірақ сұлбасы ғана көрінді.

– Әкем келді, – деген даусым қаттырақ шығып кетті-ау деймін. Үйден төрт бала төрт жақтан, анашым ас үйден бәріміз есікке жүгірдік.

Бала күнде осылайша «Мечта» барбарисін жеп, менің арманым орындалған. Ал сіздің арманыңыз орындалды ма?

Аян СПАНДИЯР

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйімен ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырыс №710

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА